**«6D051700-Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Пазилов Галимжан Абдирасуловичтің «Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

## СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Зерттеу тақырыбы ғылымның дамуының басым бағытына сәйкес келеді және теориялық-практикалық өзектілікке ие. Қазақстан Республикасында индустриялық-инновациялық даму бойынша үшінші бес жылдыққа арналған мемлекеттік бағдарлама қабыланып іске асырылуда. Диссертациялық жұмыстың Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне байланыстылығы анықталды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасымен сабақтастығы бар екендігі анықталды. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Диссертация ғылым дамуының келесі басым бағыттарына сәйкес келеді:<br>1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»; 2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы»; 3) «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі», Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық жұмыс тақырыбының бүгінгі таңда өте маңызды, ғылымға елеулі үлесін қосады. Автор ұсынған тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділік көрсеткіштері, бұл отандық тоқыма кәсіпорындарында инновациялық белсенділікті басқаруда инновацияның әрбір түрін дамыту бойынша жұмыс жасап, нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Автордың тоқыма кәсіпорындарында инновациялық белсенділігін арттыру мен оны басқаруды жетілдіру бойынша алынған нәтижелері «AZALA Cotton» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ЖШС-ның тәжірибесінде пайдалануға енгізілген және енгізу актісімен расталған. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Докторант өзі жазу принципін ұстанған. Диссертациялық жұмысты орындау барысында дербестік принципі сақталған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Докторант диссертация тақырыбының өзектілігін дәлелдеген. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет - өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану. Осы саладағы табыстарымызға қарамастан, ішкі нарықтың зор мүмкіндіктерін әлі де болса толыққанды жүзеге асыра алмай келеміз. Өңделген тауарлардың үштен екісіне жуығы шетелден әкелінеді» - деп атап өткен болатын. Қазіргі уақытта елімізде өндірілетін тоқыма өнімдеріне қажетті шикізаттың басым бөлігі қайта өңделмей қосылған құны төмен тауарлар түрінде экспортқа шығарылып отыр. Халықты отандық тоқыма өнімдерімен қамтамасыз ету деңгейі төмен, ал халыққа қажетті тоқыма бұйымдарының басым бөлігі импорт есебінен қамтамасыз етілуде. Сондықтанда қазақстандық тоқыма өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, алдымен осы саладағы кәсіпорындардың ағымдағы жағдайына талдау жасап, өндіріс көлемін ұлғайту және сұранысқа ие өнім шығаруын қамтамасыз ету мақсатында олардың инновациялық белсенділігін басқаруды жетілдіру қажет. Бұл таңдалған диссертация тақырыбының өзектілігін айқындайды. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын толығымен айқындайды. Жұмыс үш бөлімнен тұрады және әр бөлім бөлімшелерден құралған. Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне жетуге бағытталғаны айқын көрініп тұр. Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде кәсіпорынның инновациялық белсенділігін басқарудың теориялық-әдістемелік негіздері қарастырылған, екінші бөлімде Қазақстан тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруға талдау жасалған, ал үшінші бөлімде Қазақстан Республикасы тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруды жетілдіру жолдары ұсынылған. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді; | Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің мақсаты кәсіпорындардың бәсекелестік артықшылығы ретіндегі олардың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | инновациялық белсенділігін басқарудың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу нәтижесінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныс жасау болып табылады.<br>Зерттеу мақсатына сәйкес диссертациялық жұмыста келесідей міндеттерді шешу көзделген:<br>- инновациялық белсенділік категориясының кәсіпорынға қатысты теориялық аспектілерін нақтылау және «кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің» авторлық анықтамасын тұжырымдау;<br>- тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін бағалау әдістемесі мен көрсеткіштерін әзірлеу;<br>- тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарындағы инновациялық үдерістердің қазіргі жағдайын талдау және инновациялық белсенділікке әсер етуші факторларды зерттеу;<br>- тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруды қамтамасыз ететін инновациялық әлеуетті талдау;<br>- тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруды жетілдіру бойынша мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну;<br>- тоқыма кәсіпорындары деңгейінде инновациялық белсенділікті басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.<br>Докторант жұмыстың мақсатына сәйкес қойылған міндеттерді шешу арқылы ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) <u>толық байланысқан</u>;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық <u>толық байланысқан</u>. Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы, алға қойған мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, жұмыстың жалпы мазмұны таңдалған тақырыптан ауытқымай қорытындысымен үйлесімділікті сақтай отырып орындалған. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) <u>сыни талдау бар</u>;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | <u>Сыни талдау бар</u>. Ізденуші тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектердегі тұжырымдарды, ресми бектілген құжаттардағы ережелерді сыни тұрғыдан талдай отырып, диссертациялық зерттеудің мазмұнын айқындайтын тұжырымдар жасаған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? | Ғылыми нәтижелер мен қағидаттарды <u>толығымен жаңа</u> деп бағалауға болады.. Автор ұсынған кәсіпорынның инновациялық белсенділігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | принципі | 1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | терминінің анықтамасы; Қазақстанда тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігіне әсер ететін негізгі факторлардың анықталуы; отандық тоқыма кәсіпорындарының ерекшеліктерін ескере отырып, олардың инновациялық белсенділігін басқаруда инновация түрлерін қамтитын ұсынылған кешенді көрсеткіштер; шағын, орта және ірі тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін тиімді басқаруға арналған бейімделген үлгісі толығымен жаңа деп бағаланады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Өйткені тоқыма өнеркәсібі саласы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жіктемесіне сәйкес технологиялық деңгейі бойынша төмен технологиялық өндіріске жатады. Докторант инновацияға берілген түрлі анықтамаларға сәйкес, инновацияларды төмен технологиялық өндіріске де енгізуге болатынын және еліміздегі ресми статистикалық мәліметтердегі инновациялардың барлық түрлерін тоқыма өнеркәсібі саласына енгізуге барлық мүмкіндіктердің бар екендігін көрсеткен. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыста техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Себебі елімізде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін тиімді басқару шешімдері нақты зерттелмеген, сондықтанда диссертациялық жұмыста ұсынылған басқару шешімдері өзекті болып табылады. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Көптеген ғылыми дереккөздердің, оның ішінде ағылшын және орыс тіліндегі әдебиеттердің негізінде кәсіпорынның инновациялық белсенділігін басқарудың теориялық-әдістемелік аспектілері зерттелген. Отандық тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділік көрсеткіштеріне талдау жасау арқылы оларды тиімді басқару бойынша ұсыныстар жасалған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма? | Докторант қорғауға келесі негізгі тұжырымдарды көрсеткен:<br>1) Халықаралық ұйымдар тарапынан қабылданған нұсқаулықтарды, республикалық деңгейде қабылданған нормативтік құжаттарды, шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді зерделеу негізінде кәсіпорынның инновациялық белсенділігі ұғымына авторлық анықтама;<br>7.1 дәлелденді;<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) иә;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) иә;<br>2) жоқ | 7.4 кең<br>7.5 иә;<br>2) Тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруда инновация түрлері бойынша инновациялық белсенділік көрсеткіштерінің әзірленуі;<br>7.1 дәлелденді;<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә;<br>7.4 кең<br>7.5 иә;<br>3) Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігіне әсер ететін факторларды анықтау;<br>7.1 дәлелденді;<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә;<br>7.4 кең<br>7.5 иә;<br>4) Тоқыма кәсіпорындары деңгейінде инновациялық белсенділікті басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстарының берілуі<br>7.1 дәлелденді;<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә;<br>7.4 кең<br>7.5 иә;<br>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша 9 ғылыми мақала жарияланды. Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциялардың материалдарында 3 мақала, Scopus халықаралық деректер базасына кіретін ғылыми журналда 1 мақала жарық көрген. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) иә;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмысты орындау барысында қолданылған әдістеме нақты көрсетіліп, толығымен сипатталған. Таңдалған зерттеу әдістері алға қойылған мақсат пен міндеттерге және алынған нәтижелерге сәйкес келеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ақпараттың дәйектілігі | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыс нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу мен компьютерлік технологиялар көмегімен ақпараттарды өңдеу және ұсыну әдістері негізінде алынған. Докторант зерттеу жұмыстарында Microsoft Excel және World Integrated Trade Solution бағдарламаларының көмегімен есептеулер жүргізген. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) иә;<br>2) жоқ | Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу нәтижелері «AZALA Cotton» ЖШС-ның тәжірибесінде пайдалануға енгізілген және енгізу актісімен расталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста тақырыпқа сәйкес 145 дереккөзден пайдаланылған. Оның ішінде отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, халықаралық ұйымдардың нұсқаулықтары, кодекс, заңдар, бұйрықтар, есептер бар. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңызы бар. Бұл жұмыс «Инновациялық менеджмент», «Менеджмент», «Экономика» мамандығы бойынша магистранттар мен докторанттарды даярлауда жоғары оқу орындарында қолдануға лайықты теориялық ұсыныстар береді. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін практикада қолдануға болады және оны растайтын енгізу туралы акті диссертациялық жұмыстың қосымшасында көрсетілген. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының басшыларына кәсіпорынның инновациялық белсенділігін оңтайлы басқаруға жаңа ұсыныстар береді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертациялық жұмыстың Академиялық жазу және рәсімдеу сапасы жоғары. Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келеді және мәтіні мемлекеттік тілде жоғары деңгейде жазылған. |

Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және қолданбалы ғылыми-тәжірибелік нәтижелерден тұрады.

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес орындалған.

Пазилов Галимжан Абдирасуловичтің дайындаған «Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ашық қорғауға ұсынылады. Ал оның авторы Пазилов Галимжан Абдирасулович «6D051700-Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми рецензент:**

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің**
**«Менеджмент» кафедрасының**
**қауымдастырылған профессоры, PhD** **Д.М. Мухияева**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН
Басқарма хатшысы-Ғалым хатшы
Г. Галиакбарова